

# МҰРАЖАЙҒА аманатталған жәдігер

Қазақ жерінде жүннен жасалған, тоқылған тұрмысқа қажетті алуан түрлі бұйымдар жасалып, оларды қолдану тәсілдері ерте кезеңдерден белгілі.


Қазіргі уақытта Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорында жүннен тоқылған тоқыма бұйымдар саны күн санап артып келеді. Бұл коллекция тоқыма өнерінің қазақ жерінде дамуы мен қалыптасуын, таралу аймағын толық көрсетеді. Мұражай қорында сақталған алашалардың көбісі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр аралығында тоқылып, бірақ күні бүгінге дейін қорымызды тәм-тұмдап түсіп, толықтырып келеді. Алғашқы түскен алаша 1966 жылы тіркелген. Ұлттық нақышпен түрлі-түсті жіптермен өрнектеліп термелеу әдісімен тоқылған алашаның шебері Жұбатқанова Базар мұражай қорына тапсырған.

Қазақ қолөнеріндегі бағалы бұйымдардың бірі – тақыр алаша негізінен күнделікті тұрмыста төсеніш ретінде кеңінен қолданылады. Алаша ісмерден үлкен шеберлікті, мол тәжірибені, талғампаздықты талап етеді. «Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар» деген сөз орамы кейбір алашаның түрлері кілемнен де

артық бағаланатынын аңғартады. Тоқылу техникасына қарай алаша тақыр (түксіз) және аралас (түкті-түксіз) деп екі топқа бөлінеді. Тақыр алашаның кең тараған түрі терме. Алаша толығымен терме тәсілінде тоқылады. Алашаны ұзын жалпақ жолақпен тоқиды да оларды кесіп, бір ұзындықта біріктіріп тігіп, жерге төсейтін немесе керегеге ілетін келемше

ретінде де ұсталынады. Алаша тоқудың бірнеше түрлерін пайдалану арқылы шебер бұйымның ою-өрнегін түрлендіре отырып, құлпырта түседі. Жергілікті шеберлер қолданатын тоқу әдісіне қарап алашаның қай өңірде тоқылғанын да ажыратуға болады.

Батыс Қазақстанның Ақтөбе өңірінің өзінде жеріне қарай ою-





өрнекті әр қалай таспалайды. Мысалы, мына терме алашаны Шалқар қаласының бұрынғы тұрғыны Нұртазина Айбарша Жалбырқызы өз қолымен тоқыған. Айбарша 7 сыныпта оқитын шағында жіп иіріп, шарқат тоқуды үйренген. 18 жасында тұрмыс құрып, 10 құрсақ көтерген ана, жолдасына көмектесу үшін көрші апайдан алаша тоқуды үйренген. Өзінің зеректігімен бір көргеннен есіне сақтап, қыс мезгілінде көрші-көлем, тума-туыстарына түбіт иіріп, шарқат, шәлі тоқып берсе, жаз болса тапсырыспен алаша тоқып, табыс көзі еткен. Осылай өмір бойы тынымсыз еңбек еткен. Термелеп тоқыған түрлі-түсті жолақтар үстіне бірі жеңішке, бірі жалпақ қара күңгірт түстерден ою-өрнектердің тепе-теңдікті ұстаудағы ұтымдылығы ол кісінің асқан шебер болғанын көрсетіп тұр. Мұндағы оюлардың да өзіндік философиялық мәні-мағынасы жетерлік.

Жиектері қара белбірт матамен жиектелген. Алаша жақсы сақталған. Айбарша апай өмірден өтсе де, сол анасының тоқыған алашасын және алаша тоқитын ағаштан жасалған құралдар: өрмек қылыш, адарғы, өрмек

мосы бөлшегі, сабауды қыздары анасының көзінде көріп үйінде сақтап келсе, «Жәдігер жерде қалмасын» акциясы аясында қызы Нұрия оларды мұражай қорына сыйға тапсырды. Бүгінгі күні небір құнды экспонаттар, түрлі мәдени шаралар кезінде киіз үй жабдықтауда, көрмелерде кеңінен насихатталуда.

Сонымен қатар биыл мұражай қызметкерлерінің Темір ауданына жоспарлы кешенді экспедициясы барысында Қайыңды (бұрынғы Құмқұдық) ауылының тұрғыны Қайнарова Майжан Шандығалиқызы анасының қолынан шыққан алашасын бізге сыйға тапсырды. Алаша мұражай қорына № 57 актімен ҚҚТ-7379 санымен тіркелді.

Бұл алашаның сырын айтар болсақ, шебері Қайыңды ауылының бұрынғы тұрғыны Қайнарова Сұлу Жұмашқызы 11 құрсақ көтерген ана. Шебер алашаны үйде 6-шы бала Майжанға қыз жасауын бергенде төсеніш ретінде өз қолымен тоқыған. Алашаның негізгі түстері ашық, түрлі-түсті. Әр түстің өзіндік мән-мағынасы болады десек, бұл алашадағы қызыл, сары түстер күн сәулесі мен оттың мағынасына

сияды. Ашық жіптермен ұзыннан ромбик тәрізді етіп бірінен соң бірін жалғап салған оюды шексіз етіп тоқуының өзі, олардың жолдары әрдайым ашық, болсын дегені болса керек. Айта кетерлігі, тоқымашылар, зершілер әр затқа түсетін ою-өрнектерді салғанда оны жақсылыққа балағандығын да естен шығармаған абзал.

Анасы өмірден өтсе де Майжан күні кеше дейін үйінде анасына көзінде сақтап отырған. Сол алашаны анасының талай күн-түн демей қолы қалт етсе тоқып отыратынын күрсініп есіне алып, экспедиция кезінде бізге асыл қазынамызды сақтап, насихаттайтын орталық ретінде мұражай қорына сыйға аманаттап тапсырды.

Қорыта айтқанда, мұражай мұралары – таусылмайтын қазына, телегей – теңіз дерек көзі, оларды елге жеткізу, насихаттау парыз деп білемін. Тарихымыз біздің қазынамыз десек, біз сол байлығымызбен мақтана аламыз.

**Жаңылған Данабаева,  
Ақтөбе облыстық  
тарихи-өлкетану  
мұражайының кіші ғылыми  
қызметкері**

